

Алабақшасының

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрінің 2022 жылғы
5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының
1,2,3,4,5-қосымшалары бойынша жасалынды

ЖШС "Диана 2019" балабақшасы білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуінің өлшемшарттары негізінде сілтемелер.

1. Өзіндік бағалау барысында мекеменің ішкі тәртібінің іс-әрекеттерін анықтайтын (құрылтайшы құжаттары ұсынылды)

- № 5 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы;
(білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы)
- бұйрық *(балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы)*
- № 5 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы *(мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыру)*

2. Кадрлық құрамға талдау:

- педагогтардың сапалық құрамы (2-қосымшаға сәйкес)

3. Тәрбиеленушілер контингенті:

- бағаланатын кезең үшін тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы
(3- қосымшаға сәйкес)

4. Оқу –әдістемелік жұмыс.

Бағаланатын кезең үшін:

- оқу жоспары;
- перспективті жоспар мен циклограммалар.
- ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі

5. Оқу - материалдық активтер. (4-қосымша)

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры. (5-қосымша)

7. Мониторинг, жеке даму картасы

8. Қорытынды

Кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы *(педагогикалық ұжымға мектепке дейінгі іуымының өзін-өзі бағалау нәтижелері таныстыру);*

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау

МАЗМҰНЫ

Алматы облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылы 10 қарашада бекітілген Алматы облысы бойынша 2026 жылы мемлекеттік аттестатуға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес, **Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылдық округі, Ұзынағаш ауылы, Наурызбай батыр, № 68** орналасқан **ЖШС "Диана 2019"** балабақшасының мемлекеттік аттестаттаудан өтетініне байланысты балабақшасында өзін-өзі бағалау өткізілді.

Өзін-өзі бағалау кезеңінде негізгі құжаттар басшылыққа алынды:

- Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 [бұйрығымен](#) бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 [бұйрығымен](#) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі;
- Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 [бұйрығымен](#) бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асырылуын;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 [бұйрығымен](#) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақталуын;
- Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;
- Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

- Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;
- Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар: МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.
- Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар: Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;
- Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Мектепке дейінгі ұйымның атауы – ЖШС "Диана 2019" балабақшасы

Заңды мекен жайы – Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылдық округі, Ұзынағаш ауылы, Наурызбай батыр, № 68

Телефон - 77479265263

Ссылка на сайт karlygash.ametova@mail.ru

Жоба қуаттылығы (орын) – 45 бала Оқыту тілі – қазақ

Топтар саны - 3

«Балапан» кіші топ

«Ұшар» ортаңғы тобы

«Самғау» ересек тобы

Бағаланатын кезең үшін балабақшада жұмыс жасап отырған топтар туралы мәлімет:

2023-2024 оқу жылында			
1	«Балапан»	Ортаңғы топ	Қазақ
2	«Ұшар»	Ортаңғы топ	Қазақ
3	«Самғау»	ересек тобы	Қазақ
2024-2025 оқу жылында			
1	«Балапан»	Ортаңғы топ	Қазақ
2	«Ұшар»	Ортаңғы топ	Қазақ
3	«Самғау»	ересек тобы	Қазақ
2025-2026 оқу жылының тамыз айында жас ерекшелік бойынша төмендегідей топтар жасақталып, НОБД базасына енгізілді			
2025 -2026 оқу жылында			
1	«Балапан»	Ортаңғы топ	Қазақ

2	«Ұшар»	Ортаңғы топ	Қазақ
	«Самғау»	ересек тобы	Қазақ

1. Өзіндік бағалау барысында мекеменің ішкі тәртібінің іс-әрекеттерін анықтайтын төмендегідей құрылтайшы құжаттары ұсынылды:

- ✓ Меңгеруші қызметке тағайындау туралы бұйрық;
- ✓ Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама;
- ✓ СЭС қорытындысы
- ✓ Қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарламаны қабылдау талоны
- ✓ Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама
- ✓ Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы;
- ✓ Мед.договор

1.1. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын құрылған ұйымдастыру және өткізуін балабақшаның **28.05.2026 жылға № 17 бұйрығы** бұйрық негізінде комиссия жүргізді. Комиссия төрағасы балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын жалпы жоспарлай отырып, оған басшылықты жүзеге асырды. Өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша нақты тапсырмаларды комиссия мүшелеріне бөлді. (бұйрық ұсынылды).

1.2 Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі туралы балабақшаның **28.05.2026 жылға № 17 бұйрығы** негізінде жоспар құрылып, бекітілді.

1.3. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі педагогикалық кеңесті барлық профилактикалық бақылау жүргізудің жоспарланған мерзіміне дейін балабақша топтарының көлеміне қарай 1 ай бұрын ұйымдастырылды. **№ 5 хаттамасы 28.05.2026жыл педагогикалық кеңес** өткізіліп, педагогикалық ұжым Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен таныстырылды.

28.05.2026жыл күні № 5 кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізіліп, педагогикалық ұжымға мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері таныстырылды. (хаттамалар ұсынылды)

2. Кадрлық құрамға талдау

2.1 Балабақшада барлығы **5 педагог** жұмыс жасайды.

Педагогтердің қызметтік лауазымы бойынша: **меңгеруші -1 тәрбиешілер – 4**

Педагогтердің біліктілік санаты бойынша: **санаты жоқ – 5**

Педагогтердің курстан өтуі бойынша: үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткен - **5 педагог**

Педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогті қабылдау: әдістемелік ұсынымның 2-қосымшасы білім беру ұйымының басшысымен бекітілді.

Балабақшада **5 педагог бар**. Олардың **5-ы жоғары**, педагогтер. Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагог-2. **Жыл сайынғы медициналық тексеруден өту:** әдістемелік ұсынымға

2-қосымшада педагогтердің барлығының медициналық тексеруден өткені туралы мәлімет толтырылып басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды. Сонымен қатар, педагогтердің құжаттарның көшірмесі қоса берілді.

2.2 Бағаланатын кезең үшін штаттық кестесі ұсынылды.

3. Тәрбиеленушілер контингенті туралы ақпарат

3.1. Балабақшада қазіргі таңда **3-топ** жұмыс істейді. Балабақшада тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар сақталған. 1- сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламаларын игеру мерзімі сақталған.

3.2.Бағаланатын кезең үшін балалардың контингентінің құрылымы білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның № 3 қосымшаға сәйкес жасақталып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды.

4. Оқу әдістемелік жұмыс

4.1.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша атқарылған жұмыстар (№ 486 бұйрықтың 1-параграф 9-тармағының тармақшаларына сәйкес) ұсынылды.

Бағаланатын кезең бойынша оқу жылының құжаттары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына бұйрығына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды, соның ішінде бағаланатын кезеңге:

- Күн тәртібі: **2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары;**
- Перспективалық жоспарлар мен циклограммалар: **2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары;**
- Балабақшаның оқу жұмыс жоспары: **2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары;**
- Ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі: **2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары;**

Бағаланатын кезеңде балабақшада ерекше білім беруді қажет ететін балалар тәрбиеленбеді.

4.2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы, перспективалық жоспар мектепке дейінгі ұйымның педагогтері: тәрбиеші, қазақ тілінің педагогімен, дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен ортақ бағытта құрастырды.

4.3. Бағаланатын кезең үшін жоғарыда көрсетілген құжаттар білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымға сәйкес жасақталып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды.

Балабақшада «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде әр баланың жеке тұлғасын үйлесімді дамытуға бағытталған. Ұйымда музыка және дене шынықтыру залы толық жабдықталған. Әр топта жас ерекшелігіне қарай заттық- дамытушы орта жасақталған. Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашуда өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға жағдай жасалған. Заттық дамытушы орта қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, мазмұнды, көп атқарымды, өзгермелі әрі тартымды ұйымдастырылған.

5. Оқу-материалдық базалар туралы ақпарат

5.1. Балабақша типі 1 қабатты ғимарат. Жоба қуаттылығы **45 орын**. Ағымдағы жөндеу жұмыстары жазғы маусымда жүргізіліп тұрады.

5.2. Балабақша ғимараты Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрықтың талабына сәйкес жабдықтар және жиһаздармен жарақтандырылған. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның 4-қосымшаға сәйкес жасақталып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды.

6. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі

6.1 Балабақшамызда оқу-тәрбие процестерін жүзеге асыруда Үлгілік бағдарлама негізінде жұмыс жасайды және қосымша әдістемелік көмекші құрал ретінде бағдарламаларға сәйкес әдістемелік-нұсқаулар, әдебиеттер, хрестоматиялар, журналдар, ақпараттық басылымдармен қамтамасыз етілген.

Балабақшаның оқу –әдістемелік кешендер тізбесі №5 қосымшаға сәйкес жасалып, ұсынылды.

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

7.1. Балалардың білім білік, дағдыларды қаншалықты деңгейде меңгергендігін анықтау барысында әр оқу жылында қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында диагностиканың нәтижелерін бақылау парағы жүргізілді. Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылып, түзету жұмыстары жүргізілді.

7.2. **2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары үшін** балалардың даму мониторингісінің **бастапқы, қорытынды нәтижелері мен даму карталары, 2025-2026 оқу жылы үшін бастапқы, аралық, қорытынды** нәтижесі мен даму карталары ұсынылды. Қыркүйек айында жүргізілетін бастапқы мониторинг кезінде топтар үшін өткен жылдың қорытынды бақылау парағымен толтырылды.

7.3. **2023 -2024, 2024-2025, оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды** мониторингі, **2025-2026 оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды** мониторингі жасалды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымына сәйкес жасалды;

7.4. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері жасалынды. Тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының көшірмелері қоса беріліп ұсынылды.

Жеке баламен жұмыс

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары үшін:

Бастапқы мониторинг қыркүйек айында жүргізілді. **Қазан-желтоқсан** айларында бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жеке даму карталары толтырылып, дамыту, түзету іс-шаралары жүзеге асырылды және циклограммаға енгізілді.

Қорытынды мониторинг мамыр айында жүргізілді. **Маусым-тамыз** айларында қорытынды бақылау нәтижелері бойынша жеке даму карталары толтырылып, дамыту, түзету іс-шаралары жүзеге асырылды және циклограммаға енгізілді.

2025 - 2026 оқу жылының қыркүйек айында бастапқы, мониторинг жүргізілді. **Қазан-желтоқсан** айларында бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жеке даму карталары толтырылып, дамыту, түзету іс-шаралары жүзеге асырылды және циклограммаға енгізілді.

2025 - 2026 оқу жылының қаңтар айында аралық, мониторинг жүргізілді. **Ақпан-сәуір** айларына Аралық бақылау жүйелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары жүзеге асырылды және циклограммаға енгізілді.

2025 - 2026 оқу жылының мамыр айында қорытынды, мониторинг жүргізілді. **Мамыр айында** қорытынды бақылау жүйелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары жүзеге асырылды және циклограммаға енгізілді.

ЖШС "Диана 2019" балабақшасы

жүргізілген жұмыстар бойынша қорытынды мәлімет.

ЖШС "Диана 2019" балабақшасы оқыту мен тәрбие беру бағыттың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының тиімді жүзеге асыруын басты мақсат етіп алған. Оқу –тәрбие жұмыстары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Балабақша бойынша жалпы - **3 топ** бар. Жобалық қуаттылығы **-45 орын**. Балабақшада медициналық кабинет қажетті құралдармен толық жабдықталған. Сонымен қатар, әр топта ұлттық құндылықтарды жетілдіруде ұлттық бұрыштар ұйымдастырылған. Баланың өз денсаулығына ұқыптылықпен қарауға, нығайтуға, денсаулығын сақтауға, жалпы қимыл қозғалыс іс - әрекеттерін физикалық қасиетін қалыптастыру және дамытуға мүмкіндік туғызылған. Күн тәртібі тәрбиеленушілердің психологиялық жас ерекшелігін ескере отырып қарастырылған. Педагогикалық ұжым жылдық мақсатты жүзеге асыру үшін сайыстар, кеңестер, көрмелер, ашық есік күндерін жоспарланған. Жоспарланған іс әрекеттер өз дәрежесінде әдістемелік деңгейде, жаңа технологиясы өндіру дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы өткізіледі. Онда негізгі мәселе балалардың оқып оның қабілетін қалыптастыру мақсатында тәрбиешілермен педогогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, меңгеруші жанындағы отырыс, оқу тәрбие жұмысы бақылау барысында тақырыптық, салыстырмалы, шолу, жедел бақылау түрлері өткізіліп нәтижесі педогогикалық кеңестерде талқыланады. Тәрбие берушілермен тәрбиешілер арасында ашық есік күндерінде ұйымдастырылған оқу әс-ірекеттер өткізіледі. Осы ұйымдастырылған жұмыстар өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын педогогикалық ұжымның ата-ана қауымдастығымен бірлесе жұмыс атқарған нәтижесінде сапалы жұмыстар жүргізілуде.

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауының қорытындысы шығарылды: **№ 5 хаттамасы 28.05.2026жыл** кеңес өткізіліп, педагогикалық ұжымға мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері таныстырылды. (хаттамалар ұсынылды).